

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТЕРЛІКТІ  
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАНДЫ ТҮЛГА 2019 ж. 31 01  
МЕМЛЕКЕТТІК КАЙТА ТІРКЕУДЕҢ ӨТКІЗІЛДІ  
№ 3633-1915-01-МК  
АВГАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ  
1999 ж. 26 02

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТЕРЛІКТІ  
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2018 жылғы 24 07  
990240002671  
НОТАРЛЫК № 122

3

Атырау облысы әкімдігінің  
2018 жылғы «1» шаруашылық  
№ 122 қаулысына  
1-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің  
2018 жылғы «  »  
№    қаулысымен  
бекітілген

**«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық  
паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының  
Жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) табылады.
3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган болып «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Мемлекеттік басқару органды) табылады.
5. Кәсіпорынның толық атауы: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.
6. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 060009, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 98.

**2. Кәсіпорынның зандық мәртебесі**

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, сондай-ақ мөрі болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардың коспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғалардың құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышысы) бола алмайды.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған болып есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында қызметтің жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес патологиялық - анатомиялық диагностиканы жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) макроскопиялық және микроскопиялық, қажет болған жағдайда бактериологиялық, вирусологиялық, биохимиялық және басқа да қосымша зерттеулер жүргізу арқылы секциялық, операциялық және биопсиялық материалда ауруларды нақты диагностикалау;

2) науқастың қайтыс болу себептері мен механизмін белгілеу;

3) клиникалық және патологиялық-анатомиялық деректерді және диагноздарды салыстыру арқылы емдеуші дәрігерлермен бірлесіп, диагностикалық және емдеу жұмысының сапасына мониторинг жасау;

4) медициналық үйымдарда клиникалық-патологиялық-анатомиялық конференцияларды және «патологиялық анатомия (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша кеңестер мен конференцияларды дайындау және өткізу;

5) алғаш анықталған инфекциялық, онкологиялық аурулар туралы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына шұғыл хабарлау;

6) үздік жұмыс тәжірибесін қорытындылау және тарату;

7) сынаулар жүргізу және патологиялық-анатомиялық зерттеулердің казіргі заманғы әдістерін енгізу;

8) «патологиялық анатомия (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша дәрігерлердің біліктілігін жүйелі арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.



15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе күрштік күжаттарымен белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Мемлекеттік басқару органдың немесе Құрылтайшының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

16. Құрылтайшы:

- 1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім кабылдайды;
- 2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, Мемлекеттік басқару органдың ұсынуы, бойынша оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, соның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер кабылдайды;
- 4) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;
- 5) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен оның құзыретіне жаткызылған өзге де мәселелерді шешеді.

17. Кәсіпорынды Мемлекеттік басқару органды келесідей өкілеттіктерге ие:

- 1) Қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндettі көлемін айқындаиды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
- 7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшісінің зауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйлақы жүйесін белгілейді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жаткызылған өзге де мәселелерді шешеді.

18. Кәсіпорын органды болып оның басшысы табылады.

19. Мемлекеттік басқару органды Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыretіне сәйкес дербес шешеді.

21. Кәсіпорын басшысы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеген шараларын қолданады және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Мемлекеттік басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыretін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауаптылықта болады.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы өтеді.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін құны Кәсіпорынның тенгерімінде көрсетіletін Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорының қарауында оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі ғана болуы мүмкін.

27. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқық табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

28. Шаруашылық жүргізудегі мұлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорын сатып алған мұлік меншік құқығына ие болу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорының шаруашылық жүргізуіне түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынга бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мұлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мұлік оның теңгеріміне бекітіп берілген сәтте пайда болады.

30. Кәсіпорының негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу - сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорының мұлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын Мемлекеттік басқару органдың ұсынуы бойынша Құрылтайшының жазбаша келісімімен:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

33. Кәсіпорын негізгі құралдарға жатпайтын, оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

34. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе Құрылтайшымен өзгеше белгіленбесе, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын осы Жарғының 32 және 33-тармақтарында көрсетілген мұлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны дербес пайдаланады.

*Роза*

*Ахмет*

## **6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

35. Кәсіпорынның қызметі меншікті табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алғынған бюджет каражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

36. Кәсіпорын таза табыстың бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

37. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ, бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алғынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есепке алу қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

39. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 125 180 679 (бір жүз жиырма бес миллион бір жүз сексен мың алты жүз жетпіс тоғыз) теңгені құрайды.

## **8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

40. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне бухгалтерлік теңгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

42. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мұлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

43. Мемлекет құрылтайшының, Мемлекеттік басқару органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды қоспағанда, Кәсіпорын міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда Кәсіпорынның

каражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

## **10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

44. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

45. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды.

46. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (ага) есепшісінің лауазымдық айлықақыларының мөлшері, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесі Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

47. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның Құрылтайшымен, Мемлекеттік басқару органымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес айқындалады.

49. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

50. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

51. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшының шешімі негізінде Мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

52. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

53. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының актілерімен енгізіледі.

Атырау облысы әкімдігінің  
2018 жылғы «7» маясатыраға  
№ 122 қаулысына  
2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің  
2018 жылғы «  » \_\_\_\_\_  
№    қаулысымен  
бекітілген

### Откізу актісі

1. Осы актімен Қазакстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 45- 47-баптарына сәйкес, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан құқықтық мирасқорлықтары бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелерінің Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына беруін растаймыз.

2. Құқықтары мен міндеттері.

Қайта құрылған Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны барлық мұлкі, барлық құқықтары мен міндеттері және қайта құрылған занды тұлғаның барлық міндеттемелері бойынша Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы 47-бабына сәйкес қайта құрылған занды тұлғаның мұліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған занды тұлғага қосылған немесе біріктірілген кезде - откізу актісіне сәйкес, бөлінген және бөліп шығарылған жағдайда - бөлу балансына сәйкес ауысады. Откізу актісі мен айыру балансында қайта құрылған занды тұлғаның барлық несие берушілері мен борышқорларына қатысты, барлық міндеттемелері бойынша, соның ішінде тараптар дауласқан міндеттемелер бойынша да құқықты мирасқорлығы туралы ережелер болуға тиіс.

Откізу актісі мен бөлу балансын занды тұлғаның мұлкін меншіктенуші немесе занды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекітеді және құрылтай құжаттарымен бірге жаңадан пайда болған занды тұлғаларды тіркеуге немесе нақтылы бар занды тұлғалардың құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу үшін олар құрылтай құжаттарымен бірге тапсырылады. Құрылтай құжаттарымен бірге тиісті откізу актісінің немесе бөлу балансының тапсырылауы, сондай-ақ оларда қайта құрылған занды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықты мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы жаңадан пайда болған занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға

әкеліп

соқтырады.

Егер заң құжаттарында немесе қайта күру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, мұлік (құқықтар мен міндеттер) құқықты мирасқорына ол тіркелген кезден бастап ауысады.

Қайта ұйымдастырылған Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына 2018 жылдың 3-ші мамыр айына келесі активтер пен пассивтер тапсырылады:

<b>Активтер</b>		<b>Сомасы (мың.тенге)</b>
<b>I. Қысқа мерзімді активтер</b>		
Ақшалай қаражаттар	010	
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	
Қысқа мерзімді	012	
Корлар	013	35 984
Ағымдағы салық активтері	014	
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	
Басқа да қысқа мерзімді активтер	016	
<b>Қысқа мерзімді активтер жиыны</b>	<b>100</b>	<b>35 984</b>
<b>II. Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициясы	020	
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	021	
Ұлестік қатысу тәсілімен ескерілетін инвестициялар	022	
Инвестициялық жылжымайтын мұлік	023	
Негізгі қаражаттар	024	190 828
Биологиялық активтер	025	
Барлау және бағалау активтер	026	
Материалдық емес активтер	027	
Кейінге қалдырылған салық активтері	028	
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029	
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>	<b>200</b>	<b>190 828</b>
<b>Баланс (стр.100+стр.200)</b>		<b>226 812</b>
<b>III. Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030	
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	
Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер	032	
Қысқа мерзімді кредиторлық берешектер	033	
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелер	034	
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	035	
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>300</b>	
<b>IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер	041	

Ұзак мерзімді бағалау міндеттемелері	042	
Кейінге қалдырылған салықтық активтері	043	
Басқа да ұзак мерзімді міндеттемелер	044	
<b>Ұзак мерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>400</b>	
<b>V.Капитал</b>		
Жарғылық капитал	050	125 181
Төленбекен капитал	051	
Сатып алынған меншікті үлестік куралдары	052	
Эмиссиялық табыс	053	
Резервтер	054	51 384
Баланбекен пайда (өтелмеген залал)	055	
Пайды жиыны (залал жиыны)	056	
<b>Капитал жиыны</b>	<b>500</b>	<b>176 565</b>
<b>Баланс (стр.100+ стр.200)</b>		<b>226 812</b>



Директор м.а.

Мулдагалиев И.

Бас есепші

Шомаева Г.С.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны балансына Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны балансына тапсырылатын жабдықтар 3 мамыр 2018 жыл бойынша тізімі

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны**

<b>Активтер</b>		
Ғимараттар		125 180 679
Машиналар мен жабдықтар		51384485,66
Көлік куралдары		13 545 000
Өндірістік жабдықтар		717800
<b>Барлық активтер</b>		<b>190 827 964,66</b>
<b>Материалдар мен өнімдер (тенге)</b>		
Дәрі-дәрмектер және тану материалдары		18 252 729 ,62
Шаруашылық тауарлар		25 319
Отын, жанаң-жағармай (ЖЖМ)		
Басқа да материалдар		1 209 911 ,36

Барлық материалдар мен өнімдер

19 487 959 ,98

**Тапсырды:**

Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Директор м.а.

Бас есепші

**Кабылдады:**

1. Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасының «Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Директор м.а.

Бас есепші

*Мулдагалиев И.**Шомаева Г.С.*

Мулдагалиев И.

Шомаева Г.С.

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МИНИСТЕРСТВО  
АТЫРАУ ОДЫССЫНЫҢ ӘЗІЗ ТІЛДАРЛАМЕНТІ  
АТЫРАУ КАЛАСЫНЫҢ ӘДДЕТ БАС ЕАРМАСЫ  
НЕМІСЛЕГЕНЕҢ, ТІГІЛДЕН ӘКІНШІ МИР НАСЫПТАН

БАРЫГЫ 12  
2012 19.01.01

Прошито, пронумеровано и скреплено  
Печатью № 11 Серикжанов  
Должность И.О. Фирсукбеков  
Подпись Ф.И.О. Мурзаболис

